

**Облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің деңгейінде
тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін сатып
алу және қызметтің орнын толтырудың практикалық
көріністері.**

*(Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының
бастығының орынбасары Төлеген Мергенұлы Сәдуақасов)*

Қарағанды облысының аумақтық ерекшеліктері. Денсаулық сақтау басқармасының өңірлік деңгейде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін орындауы.

Тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемінің қызметін (медициналық қызметтер және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету) сатып алу бөлінісінде қызметті «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді ұйымдастыру және сатып алуды жүргізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы №1888 қаулысының нормативтік құқықтық құжаттарына, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемінің қызметін (медициналық қызметтер және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету) сатып алу тәртібі туралы. Біліктілік талаптарға сәйкес қызметтердің әлеуетті өнім берушілерін іріктеу.

Қызметтерді жеткізушілерді іріктеу кезіндегі негізгі басымдылықтар – қызметті тұтынушыларға барынша ауқымды, аумақтық жақындасу, қызмет көрсету кезінде тәжірибесінің болуы, қаржы қаражаттарын оларды «бұзбай» (қызмет көрсетуге басқа да

ұйымдармен шарт жасасу арқылы) тиімді пайдалану мүмкіндігі, үздіксіз қызмет ұсынуды қамтамасыз ету.

Қызметтерді жеткізушілерді анықтау және олардың шығындарының орынын толтыру кезінде еркін тіркеу және медицина ұйымдарын таңдау қағидатын іске асыру. Есептік кезең уақытында көлемдерді үйлестіру мүмкіндігі.

Тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемінің қызметін (медициналық қызметтер және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету) сатып алу кезіндегі проблемалық мәселелер:

- үздіксіз қамтамасыз ету және оларды ұсыну үшін бюджетті бекіткеннен кейін қысқа мерзімде қызметтерді сатып алу рәсімін жүргізу,
- халықтың қажеттілігіне сәйкес өнім берушінің – біліктілік талаптарына сәйкес келетін қызметтерді айқындау,
- қызметтерді жеткізушілердің нақты көлемдерге көңілдерінің толмауы және ол үшін ұтымды себептерінің жоқтығынан оларды үнемі өсіруді қалауы.